

**2021 – 2022 оқу жылындағы «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша тәлімгердің жасаған жылдық жұмыс есебі.**

№8 жалпы орта білім беру мектебінде «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмысын жалғастырды.

Мақсаты: өз ұлтының барлық дәстүрін, тарихын толық меңгерген, ойлау дәрежесі жоғары, өз бетімен шешім қабылдай алатын саналы азамат тәбиелеу жолында, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының тәлімгері Бейсебаева Н.Е.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 1 мектеп «Ұланбасы» және оның 2 орынбасары бар.

«Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы 7 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

Отан

Зерде

Руханият

Салауат

Еңбек

Экоәлем

Жеті жарғы

№8 жалпы орта білім беретін мектебінде «Жас Ұлан» ұйымы белсенділерімен отырыс өтті. Отырыс барысында жылдық жоспар қарастылырып, I – тоқсанға нақты жоспар бекітілді.

№8 жалпы орта білім беретін мектебінде жоспарға сай «Ұланбасы-2021» өтті. «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері мен жетекшісі ұйымдастыруымен сайлау әділ өтті.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі ұйымдастырылды.

«Парасатты азамат» бұрышы жаңартылды.

№8 жалпы орта білім беретін мектебінде жоспарға сай қазан айында «Эко-селфи» фотобайқауы өткізілді. Байқаудың басты мақсаты жастарды белсенді табиғатты қорғау қызметіне тарту арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, қоршаған әлемді тануға ұмтылу болып табылады.

Ұланбасы Кадырбекова Дильназ аудандық сырттай «Үздік Қланбасы-2021» байқауына қатысып «Болашаққа көзөарас» номинациясына ие болды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сай 6-7 сыныптарда «Жас өспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау жолдары» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қазан айында еріктілер командасының мүшелерімен бірге «Таза мектеп ауласы», «Қаланы қоқыстан тазартайық» және қараша айында «Пакеттерге ЖОЛ ЖОҚ!» акциялары өткізілді.

9 қараша күні мектептің өзін-өзі басқарудың белсенді оқушыларының отырысы өтті. Отырыста мектеп Президенті Азатова Альбина дәріс оқыды. Әрбір министрлік өз міндеттерімен таныстырды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілетін іс-шараларға дайындық жасау үшін тапсырмалар берді.

18 қараша күні «Мектептерде балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамыту үшін біліктілікті арттыру» атты тақырыпта мектеп тәлімгерлеріне арналған тренинг болып өтті.

Желтоқсан айының басында «Ерікті болу-ерлік» тақырыбында мектеп еріктілер командасының мүшелерімен дәріс өткізілді.

Мектеп белсенділері мен көшбасшылары Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Жас Ұлан» ББЖҰ қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Мектебіміздің 10 оқушысы ұйым қатарына қабылданды. Оларға арнайы төсбелгі мен галстук табысталды.

20 желтоқсан күні мектеп белсендісі, мектептің өзін-өзі басқарудың министрі Бакытжан Фатима аудандық конференцияға қатысты. Ол жерде балалар мен жасөспірімдердің қозғалысын дамытуға арналған өз жосбысын ұсынып, қала мектептері арасынан жүлделі 3-орынға ие болды.

Оқу жылының екінші жарты жылдығының мектептің «Жас Ұлан» ұйымы жұмыс жоспарына сай бірінше жұмыстар атқарылды.

Мектептің «Еріктілеріmes» еріктілер клубының мүшелері жиналып «Ішімдіктің адам денсаулығына әсері» тақырыбында ақпараттық отырыс өткізді. Отырыста ішімдіктің зияны туралы әңгімелесіп, өз ойларын айтты. Бейнероликтер мен слайдтар таманалады. Деректі фильм қаралап, талқыланды.

Қаңтар айында «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары эссе жазды.



«Жас Ұлан» ұйымы белсенділері жиналып дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде ұйым белсендісі Токмырза Актілеу «Мектеп ережесін сақтаймыз!» тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп ережесін, мектептегі оқушылар тәртібін оқушыларға ескертіп отыру керектігін айтты.

Мектеп Жас Ұландықтары мектептегі әр түрлі іс-шараларға белсенді қатысып отырды. Психология апталығының ашылуында флешмоб ұйымдастырылып, белсенділік танытты.

Сонымен қатар, 1-наурыз алғыс айту күніне орай жас ұландықтар алғыс айтып бейнероликтер әзірленді. Өздерінің жақындарына алғыс айту өлең жолдарына арнап челлендж жасалды.

7-9 сыныптар арасында акция өтті. «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында бейнероликтер әзірленді.

3 наурыз күні ДЖТО А.Искакова және тәлімгер Н.Бакытжан «Жас Ұлан» ұйымы белсенділерімен жиналыс өткізді.

Жас Ұлан 2021-2022 (aqmoedu.kz)

Мектеп директоры



Р. Смагулова